



ШЕШІМ

30.06.2023

Астана қаласы

РЕШЕНИЕ

№ 42/5-VIII

№

город Астана

**Астана қаласының тұрғындарына
көлік қызметін көрсету жөніндегі
шаралар кешенін іске асыру туралы**

Астана қаласы әкімінің орынбасары Е.О. Бекмурзаевтың «Астана қаласының тұрғындарына көлік қызметін көрсету жөніндегі шаралар кешенін іске асыру туралы» баяндамасын тыңдап және талқылап, Астана қаласының мәслихаты мыналарды атап өтеді.

Елорданың қоғамдық көлігі 6 автобус паркінен тұрады, оларда күніне 98 маршрутта және 93 км. Bus Lane орта есеппен 600 мың жол жүруді жүзеге асыратын 1 127 автобус бар.

2022-2023 жылдары автобус парктері 35 жаңа автобус сатып алған.

2022 жылы 33 маршрут қозғалысының сызбасы жақсартылды, 3 жаңа маршрут іске қосылды, кестелер саны 28 бірлікке, яғни 870-тен 898 бірлікке дейін ұлғайтылды, арнайы қозғалыс жолақтарының 2 учаскесі енгізілді, 36 аялдама пункті орнатылды, аялдама пункттерін жайластырудың 50-ден астам сызбасы әзірленді, 500-ден астам іс-шараларға (футбол, хоккей матчтары, қалалық іс-шаралар) көліктік қызмет көрсетілді, автотұрақ кеңістігінің онлайн-сервисі іске қосылды, 600-ден астам жүргізуші оқытылды, қоғамдық көлікте 118 мың билетсіз адам анықталды, оның ішінде – 18,8 мың адам жауапкершілікке тартылды, Transcard (Жол ақысын төлеудің электрондық жүйесі, велошеринг, паркингтер) бірыңғай қосымшасы құрылды, тасымалдаушылар бойынша 1 535 бұзушылық фактілері анықталды.

Астана қаласының мәслихатына және Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық мониторинг және жедел әрекет ету орталығы» ШЖҚ МКК (iКОМЕК109 орталығы) елорда халқына көлік қызметін көрсетуге қатысты көптеген шағымдар келіп түседі.

2023 жылдың басынан бастап iКОМЕК109 қызметіне 134 847 өтініш келіп түскен. Шағымдардың көбі автобустардың кестеге сәйкес қозғалыс аралығын сақтамауына (6 243), қоғамдық көлік қызметкерлеріне (1 733), жолаушыларды отырғызу-түсіруге (1 649), автобустардың аялдамадан өтіп кетуіне (1 160) қатысты. 2022 жылмен салыстырғанда шағымдар саны 28% өскен. Автобустар/маршруттар саны арақатынасы бойынша ең көп шағымдар № 14,

43, 53 және 70 маршруттарға қызмет көрсететін № 7 автопаркке қатысты түскен.

Қаланың кеңеюіне және Жағалау тұрғын ауданы, Мұхамедханов көшесі, Ұлы Дала даңғылы, Қарқаралы тас жолы, «Нұрлы Жол» теміржол вокзалы бағыты бойынша жаңа тұрғын аудандардың, сондай-ақ Отау және Бағыстан шағын аудандарының пайда болуына байланысты тұрғындар қосымша маршруттар қосуды немесе бар маршруттардың санын көбейтуді сұрайды.

Сонымен қатар, депутаттар сессияға дайындық барысында ең көп шағым түскен бірқатар қоғамдық көлік нысандарын аралады. Мәселен, аялдамалар мен автобустардың санитарлық және техникалық жай-күйі, мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімділігі, автобустардың қозғалыс аралығын сақтауы тұрғысынан қаралды.

Аралау барысында жылы аялдамалардың барлық жерде жабдықталмағаны, кейбір аялдама пункттерінде атаулары жазылмағаны, сондай-ақ, автобустардың қозғалыс сызбасының барлық жерде орналастырылмағаны, карталар оқылмайтын күйде екені анықталды.

Электрондық ақпараттық таблолар кейбір аялдамаларда жұмыс істемейді. Мәңгілік ел даңғылы бойынша («Р. Бағланова атындағы Қазақконцерт» аялдамасы) электрондық ақпараттық табло аялдамадан тыс орнатылған. Автобустарда да, жылы аялдамаларда да USB қосқыштары жұмыс істемейді.

Қала тұрғындары қарбалас уақытта автобустарда орынның тапшылығына, әсіресе демалыс күндері және қыста автобустардың қозғалыс аралығын сақтамайтындығына шағымданады. Қала тұрғындарынан сондай-ақ, аялдамалардың жарияланбайтынына, автобустардың қозғалыс кестелерінің жоқтығына қатысты шағымдары да көп, осыған байланысты жолаушыларда қоғамдық көлікті пайдалану кезінде бағдарлану мүмкіндіктері болмайды.

Астана қаласы Полиция департаментінің ақпараты бойынша ағымдағы жылдың үш айында қоғамдық көлік салондарында 68 қалта ұрлығы тіркелген, бейнебақылау камераларын қарау барысында 41 маршруттық автобуста бейнежазба жүргізілмегені анықталды. 435 автобуста бейнебақылау камералары жоқ немесе ақаулы күйде.

Баяндалғанның негізінде «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Астана қаласы әкімінің орынбасары Е.О. Бекмурзаевтың «Астана қаласының тұрғындарына көлік қызметін көрсету жөніндегі шаралар кешенін іске асыру туралы» баяндамасы назарға алынсын.

2. Астана қаласының әкімдігіне:

мәслихат депутаттары мен халықтың ескертулерін назарға алып, орындау мерзімдерін және жауаптыларды көрсете отырып елордада көлік қызметін көрсету сапасын жақсарту бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу;

автобус жүргізушілері кадрлармен қамтамасыз ету мәселесін шешу, оның ішінде еңбек және демалыс жағдайларын жақсарту жолдарын арқылы;

мүгедектігі бар адамдар үшін, оның ішінде арнайы көтергіш құрылғыларды пайдалана отырып, көлік құралына отыру және одан түсу, мүгедектігі бар адамдарға көлік құралына отыру және одан түсу кезінде жүргізушінің көмек көрсетуі сияқты қол жетімділік жағдайларын қамтамасыз ету;

барлық аялдамаларды олардың атаулары, автобустардың қозғалыс схемалары, ірі қаріппен, оның ішінде Брайль бедерлі-нүктелі қаріппен орындалған өзге де мәтіндік және графикалық жазбамен ақпараты бар тақтайшалармен жарақтандыру, және елорда тұрғынының мәдениетін арттыра отырып, автобустарда барлық аялдамалардың хабарлануын қамтамасыз ету;

халықаралық тәжірибені ескере отырып, сақиналы маршруттарды енгізуді қарастыру;

көліктік модельдеуді енгізу, қозғалыс схемасының өзгеруінің салдарын, сақиналы және айналма жолдардағы қозғалыс қауіпсіздігін зерттеу;

бір мандатты округтер бойынша депутаттардың пікірін ескере отырып, елорда аудандарына маршруттарға арналған жаңа автобустар бөлу жөнінде ақпарат ұсыну;

жолаушыларды тасымалдау бойынша қызметтер көрсетуден және жергілікті бюджеттен субсидиялардан түсетін қаражат есебінен автопарктерді жаңарту мүмкіндігін қарастыру;

елорда автобустарын газдандыру, сондай-ақ электрлік автобустарды пайдалану;

барлық электрондық ақпараттық таблолар мен аялдама пункттерін жарамдылығы мен жарақталуына қатысты тексеру жүргізу;

аялдамалар мен автобустардағы электрондық ақпараттық таблолар мен USB қосқыштарының үздіксіз жұмыс істеуі жөнінде шаралар қабылдау;

автобустардағы қалта ұрлығының ашылуын арттыру, сондай-ақ, бұндай фактілердің болуын азайту мақсатында барлық автобустарды бейнебақылау камераларымен қамтамасыз ету, сондай-ақ ақаулы бейнебақылау құрылғыларын ауыстыру;

қала тұрғындарының шағымдарын ескере отырып, автобустардың жүру кестесін жақсарту жөнінде шаралар қабылдау;

қоғамдық көлікте жол ақысын төлемейтін жолаушыларды жауапкершілікке тарту бойынша бақылауды күшейту;

қаланың жаңа аудандарына, сондай-ақ автобус маршруттарының тапшылығы бар аудандарға қоғамдық көлік қызметін көрсетуді қамтамасыз ету;

автобустардың соңғы аялдама пункттері үшін жер учаскелерін ресімдеу және бұрылыс алаңдарын, санитарлық аймақтар мен жүргізушілерге арналған тамақтану пункттерін салуды қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. Осы шешімнің ұсынымдарын орындау бойынша ақпаратты қалалық мәслихатқа бір ай мерзімде ұсыну қамтамасыз етілсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау Астана қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Астана қаласы
мәслихатының төрағасы

A handwritten signature in blue ink, consisting of stylized, overlapping loops and lines, positioned above a horizontal line.

Е. Каналимов